

Үлгілік инвестициялық шартты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 107 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 сәуірде № 10650 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 463 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Энергетика министрінің 29.11.2018 № 463 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 31.05.2016 № 228 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 5-бабының 70-24) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 31.05.2016 № 228 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы Бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Үлгілік инвестициялық шартты бекітілсін;

2) алынып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 30.11.2015 № 676 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 30.11.2015 № 676 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

В. Школьник

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 6 наурыз

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 20 ақпандағы
№ 107 бұйрығына
1-қосымша

Үлгілік инвестициялық шарт

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 31.05.2016 № 228 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ 20__ жылғы _____ " _____ "

(қол қойылған қала) (жасалған күні)

Бұдан әрі "Уәкілетті орган" деп аталатын

_____ атынан

(мемлекеттік органның атауы

_____ негізінде әрекет ететін

(ереже немесе бұйрық)

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә.)
бұдан әрі "Мемлекеттік орган" деп аталатын табиғи монополиялар
салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын,

атынан

(мемлекеттік органның атауы)

_____ негізінде әрекет ететін

(ереже немесе бұйрық)

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә.)

бір тараптан және бұдан әрі "Энергия өндіруші ұйым" деп аталатын

(инвестициялық бағдарламаны іске асыруды жүзеге асыратын энергия

атынан

(өндіруші ұйымның атауы)

_____ негізінде әрекет ететін

(жарғы немесе сенімхат)

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә.)

екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар 2004 жылғы 9 шілдедегі "Электр энергетикасы туралы" (бұдан әрі – Заң), 1998 жылғы 9 шілдедегі "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес инвестициялық шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Шарттың мәні

1. Шарттың мәні Энергия өндіруші ұйым инвестициялық бағдарламаны:

(инвестициялық бағдарламаның атауы)

(бұдан әрі - инвестициялық бағдарлама) іске асырған (орындаған) кезде
Тараптардың қарым-қатынасын реттеу болып табылады.

2. Тараптардың құқықтары және міндеттері

2. Энергия өндіруші ұйым инвестициялық бағдарламада белгіленген мөлшерде, тәртіппен, шартпен және мерзімде

(жана активтер жасауға, қолданыстағы активтерді кеңейтуге, жаңартуға, қайта құруға және техникалық жарақтандыруға - нақты көрсетілсін) инвестицияларды қамтамасыз етеді.

3. Энергия өндіруші ұйым:

1) электр энергиясын спот-сауда-саттықта (олар өндіретін электр энергиясының көлемінің он пайызынан аспайтын), теңгерімдеуші нарықта және экспортқа сатылатын жағдайларды қоспағанда, есептік немесе жеке тарифтен аспайтын тарифтер бойынша сатуды жүзеге асырады;

2) инвестициялық бағдарламаның есептік тарифті белгілеу кезінде немесе жеке тарифті бекіту кезінде көзделген көлемде және мерзімде объект бойынша орындалуын жүзеге асырады;

3) инвестициялық бағдарламаны орындайды және жыл сайын _____ дейінгі мерзімде уәкілетті орган мен табиғи монополиялар саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосына оның орындалуы туралы есеп береді.

4) инвестициялық міндеттемелерді орындау мақсатында инвестициялық бағдарламаларда (жобаларда) көзделген қаражатты қолданады.

5) энергия өндіруші ұйым электр энергиясын тиісінше есептік немесе жеке тарифтен асырып сатқан жағдайда электр энергиясын спот-сауда-саттықта (олар өндіретін электр энергиясы көлемінің он пайызынан аспайтын), теңгерімдеуші нарықта және экспортқа сату нәтижесінде алынған соманы қоспағанда, көтерме және (немесе) бөлшек сауда нарығы субъектілеріне артық соманы қайтарады.

6) энергия өндіруші ұйым табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган енгізген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы нұсқаманы белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда энергия өндіруші ұйым көтерме және (немесе) бөлшек сауда нарығының субъектілеріне инвестициялық бағдарламаны орындау үшін көзделген және оны іске асыру мақсатында пайдаланылмаған алынған қаражатты қайтарады.

Инвестициялық бағдарламаны орындау үшін көзделген қаражат деп энергия өндіруші ұйымның тиісінше есептік немесе жеке тарифтен аспайтын тарифтерді қолдану кезінде алған нақты табысы (түсімі) мен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен есептік тарифті белгілеу немесе жеке тарифті бекіту кезінде көзделген нақты шығындар арасындағы айырма түсініледі

4. Уәкілетті орган:

- 1) инвестициялық бағдарламаның құнын өсіруді келіседі;
 - 2) осы энергия өндіруші ұйымның Шартта көзделген инвестициялық міндеттемелерді орындау мониторингін жүргізеді;
 - 3) заңнамада және осы Шартта белгіленген өкілеттіктер шегінде Шарттың талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады.
5. Мемлекеттік орган:
- 1) жеке тарифті бекітеді;
 - 2) инвестициялық бағдарламаның құнын өсіруді келіседі;
 - 3) энергия өндіруші ұйымның Заңның 7-бабының 5) тармақшасында көзделген талаптарды сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

3. Дауларды шешу

6. Шарттың талаптары орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда Тараптар Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына және азаматтық заңнамаға сәйкес жауапты болады.

7. Шартпен реттелмеген барлық мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасын және азаматтық заңнамасын басшылыққа алады.

8. Шарт бойынша даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Дауларды келіссөздер арқылы реттеу мүмкін болмаған жағдайда мұндай даулар сот тәртібімен шешіледі.

4. Құпиялылық туралы ереже

9. Шарттың ережелері, Шартты орындау барысында қандай да бір тараппен алынған немесе сатып алынған ақпараттар құпия болып табылады. Аталған ақпараттарды қолдану Тараптардың жазбаша келісімі кезінде жүзеге асады.

10. Тараптар құпия ақпараттарды өзге Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаға бермейді, тек келесі жағдайларда:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сот немесе құқық қорғау органдарының сұрау салуларына ақпарат берген;

- 2) ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілікті алуға құқылы мемлекеттік органдарға берілетін жағдайларды қоспағанда, құпия ақпаратты басқа Тараптың келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқықтары жоқ.

5. Қорытынды ережелер

11. Шартқа қол қойылған күн оның күшіне енген күні болып

табылады.

12. Шарт _____ (_____) жыл мерзімде жасалды.

13. Тараптардың екіжақты келісімі бойынша Шартқа жазбаша нысанда қосымша келісімдер жасасу арқылы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқығы бар.

14. Шартқа барлық қосымша келісімдерге Тараптардың өкілетті өкілдері қол қоюы тиіс.

Шарт бойынша кез келген хат алмасу мына мекен жайға жіберіледі:

Уәкілетті орган _____

Мемлекеттік орган _____

Энергия өндіруші ұйым _____

15. Шарт:

1) Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған;

2) Тараптардың екі жақты келісімі бойынша мерзімінен бұрын бұзылған;

3) сот шешкен жағдайда;

4) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасында, азаматтық заңнамасында және Шартта көзделген өзге де жағдайларда қолданылуын тоқтатады.

16. Тараптардың заңды мәртебесінің немесе ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруі Шарттың қолданылуын тоқтатпайды және Тараптар Шартты бұзуға, оны өзгертуге ниет білдірген не құқық нормалары оны қайта ресімдеуді талап еткен жағдайларды қоспағанда, барлық құқықтар мен міндеттер тиісті заңды мұрагерлерге өтеді. Бұл ретте Тараптар құқықтық мәртебесінің, орналасқан жерінің және өзге де деректемелерінің өзгергені туралы оқиғалар туындаған күннен бастап 3 жұмыс күн мерзімде бірін-бірі жазбаша нысанда хабардар етеді.

17. Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін және бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде _____ түпнұсқа данада жасалды.

6. Тараптардың деректемелері

Уәкілетті орган: Энергия өндіруші ұйым:

мөр орны мөр орны

Мемлекеттік орган:

мөр орны

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 20 ақпандағы
№ 107 бұйрығына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша алынып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 30.11.2015 № 676 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК